733-бап. Қаулыны медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану бөлігінде орындау тәртібі»;

2) 56-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

«Осы бөліктің ережелері шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылатын шығарып жіберу жағдайында қолданылмайды.»;

3) 377, 378 және 380-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«377-бап. Қазақстан Республикасында тіркеусіз не жеке басты куәландыратын құжаттарсыз тұру

1. «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасы азаматтарының жеке куәліксіз немесе жарамсыз жеке куәлікпен не тұрғылықты жері бойынша тіркеусіз

т ұ р у ы ,

бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет, он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Қазақстан Республикасында шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның тұруға ықтиярхатсыз немесе азаматтығы жоқ адамның куәлігінсіз не жарамсыз ықтиярхатпен, азаматтығы жоқ адамның куәлігімен күнтізбелік он күннен астам мерзімде тұрақты тұруы, сондай-ақ паспорттың, тұруға ықтиярхаттың не азаматтығы жоқ адамның куәлігінің жоғалғаны туралы ішкі істер органдарын уақтылы хабардар етпеуі, жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

378-бап. Тұрғын жай иесінің немесе қарамағында ғимараттары және (немесе) үй-жайлары бар басқа да адамдардың оларда нақты тұрмайтын жеке тұлғаларды тіркеуге жол беруі

1. Тұрғын жайлардың, тұрғын немесе тұрғын емес үй-жайлардың иелері болып табылатын, қарамағында тұрғын жайлары, тұрғын немесе тұрғын емес үй-жайлары бар меншік иесінің немесе басқа да адамдардың жұмыс берушіде нақты тұрмайтын, жұмыс істемейтін және білім беру ұйымдарында оқымайтын жеке тұлғаларды тіркеуге жол б е р у і , -

жеке тұлғаларға – бес, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – он бес, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет, - жеке тұлғаларға – он, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – жиырма бес, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Жұмыс берушіге, білім беру ұйымына тиесілі тұрғын жайларда, тұрғын немесе тұрғын емес үй-жайларда тіркелген жеке тұлғаларды жұмыс берушінің, білім беру ұйымының тіркеуден шығару жөнінде шаралар қолданбауы, - лауазымды адамдарға – он, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет, - лауазымды адамдарға – жиырма, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға сексен айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

«380-бап. Жеке басты куәландыратын құжаттарды алған кезде не Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алу үшін немесе Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау не Қазақстан Республикасының азаматтығын калпына келтіру туралы өтініш берген кезде Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көрінеу жалған мәліметтер беру



1. Жеке басты куәландыратын құжаттарды алған кезде Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көрінеу жалған мәліметтер беру, -  
жеке тұлғаларға – бес, лауазымды адамдарға он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алу үшін немесе Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау не Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру туралы өтініш берген кезде Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көрінеу жалған мәліметтер беруі, -

Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберілуіне әкеп соғады.»;

4) мынадай мазмұндағы 380-2-баппен толықтырылсын:

«380-2-бап. Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы заңнаманы бұзу

1. Қазақстан Республикасының азаматтығынан айрылған адамның Қазақстан Республикасы азаматының паспортын және (немесе) жеке куәлігін пайдалануы, -  
жеке тұлғаларға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Мемлекеттік қызметтегі адамдар, сондай-ақ билік өкілінің функцияларын жүзеге асыратын не мемлекеттік органдарда ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын адамдар жасаған нақ сол іс-әрекеттер, -  
екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберілуіне әкеп соғады.»;

5) 394, 395 және 396-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«394-бап. Шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасында болу қағидаларын бұзуы

1. Шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тіркелу мерзімдерін не жүріп-тұрудың немесе тұрғылықты жер таңдаудың тәртібін сақтамауынан көрінген Қазақстан Республикасында болу қағидаларын бұзуы, -  
он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -  
он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

3. Шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасына заңсыз келуінен, белгіленген мерзімдерде қайтып кетуден жалтаруынан, келу мақсатының визада не тіркеу кезінде көші-қон карточкасында көрсетілген мақсаттарға сай болмауынан, сондай-ақ нақты тұратын жері тіркеу кезінде көрсетілген мекенжайға сәйкес келмеуінен, сол сияқты Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік

жол жүру қағидаларын сақтамауынан көрінген Қазақстан Республикасында болу қағидаларын бұзуы ,

он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер, қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алынып, Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберілуіне әкеп соғады.

395-бап. Жеке немесе заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасында шетелдіктердің болу қағидаларын бұзуы

1. Қазақстан Республикасына шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ адамдарды жеке шаруамен шақырған Қазақстан Республикасы азаматының, шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның оларды уақтылы тіркеу, олардың Қазақстан Республикасында болу, ел аумағында жүріп-тұру құқығына құжаттарды ресімдеу және белгіленген болу мерзімі аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасынан қайтып кетуі жөнінде шаралар қабылдамауы ,

бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Қазақстан Республикасында шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ адамдарды қабылдайтын дара кәсіпкердің, лауазымды адамның немесе заңды тұлғаның оларды уақтылы тіркеу, олардың Қазақстан Республикасына келу, оның аумағында болу және жүріп-тұру құқығына құжаттарды ресімдеу және белгіленген болу мерзімі аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасынан қайтып кетуі жөнінде шаралар қабылдамауы ,

лауазымды адамдарға – он, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Қазақстан Республикасына заңсыз келуден, оның аумағында заңсыз жүріп-тұрудан, белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасынан қайтып кетуден жалтарудан, нақты тұратын жері тіркеу кезінде көрсетілген мекенжайға сәйкес келмеуінен көрінген, Қазақстан Республикасында шетелдіктердің болу қағидаларын бұза отырып, Қазақстан Республикасына келген шетелдікке немесе азаматтығы жоқ адамға тұрғын үй беру ,

жеке тұлғаларға ескерту жасауға, лауазымды адамдарға – он, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – отыз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

4. Осы баптың бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза

қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -  
жеке тұлғаларға – он, лауазымды адамдарға – он бес, дара кәсіпкерлерге, шағын  
немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып  
табылатын заңды тұлғаларға – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды  
тұлғаларға сексен айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Лауазымды адамның Қазақстан Республикасының аумағына келген шетелдікпен  
немесе азаматтығы жоқ адаммен мәмілелер жасасуы, -  
лауазымды адамдарға он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп  
с о ғ а д ы .

6. Осы баптың бесінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін  
бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -  
лауазымды адамдарға он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға  
әкеп соғады.

396-бап. Қазақстан Республикасында шетелдік жұмыс күшін тарту  
қағидаларын бұзу және шетелдіктің немесе азаматтығы  
жоқ адамның еңбек қызметін заңсыз жүзеге асыруы

1. Жұмыс берушінің шетелдік жұмыс күшін жергілікті атқарушы органның  
рұқсатынсыз тартуы немесе жұмысқа орналасуға рұқсаты жоқ шетелдіктер мен  
азаматтығы жоқ адамдардың еңбегін пайдалануы, -  
жеке тұлғаларға – отыз, лауазымды адамдарға – елу, дара кәсіпкерлерге, шағын  
немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып  
табылатын заңды тұлғаларға – екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын  
заңды тұлғаларға бір мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп  
с о ғ а д ы .

2. Жұмыс берушінің шетелдік қызметкерді жергілікті атқарушы органның шетелдік  
жұмыс күшін тартуға арналған рұқсатында көрсетілген лауазымға (кәсіпке немесе  
мамандыққа) сәйкес келмейтін лауазымға (кәсіпке немесе мамандыққа) тартуы, -  
лауазымды адамдарға – елу, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік  
субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға –  
екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір мың айлық  
есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза  
қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -  
жеке тұлғаларға – елу, лауазымды адамдарға – бір жүз, дара кәсіпкерлерге, шағын  
немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып  
табылатын заңды тұлғаларға – үш жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын  
заңды тұлғаларға бір мың бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға  
ә к е п с о ғ а д ы .

4. Мұндай рұқсатты алу еңбек қызметін жүзеге асырудың қажетті шарты болып

табылатын жағдайда, Қазақстан Республикасының аумағына заңсыз келген шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның жұмысқа орналасуға арналған рұқсатты алмай Қазақстан Республикасында еңбек қызметін жүзеге асыруы, - жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынып, Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберілуіне әкеп соғады.»;

6) 541-баптың бірінші бөлігінде: «372-376,» деген цифрлардан кейін «380 (екінші бөлігінде), 380-2,» деген сөздермен толықтырылсын;

«394 (екінші бөлігінде)» деген сөздер «394 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде)» деген сөздермен ауыстырылсын;

«396 (екінші бөлігінде)» деген сөздер «396 (төртінші бөлігінде)» деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 543 - бапта: бірінші бөлікте:

«379,» деген цифрлардан кейін «380 (бірінші бөлігінде),» деген сөздермен толықтырылсын;

«396 (бірінші бөлігінде)» деген сөздер «396 (бірінші және үшінші бөліктерінде)» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлікте:

2) тармақшада:

«377,» деген цифрлардан кейін «380 (бірінші бөлігінде),» деген сөздермен толықтырылсын;

«396 (бірінші бөлігінде)» деген сөздер «396 (бірінші және үшінші бөліктерінде)» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшада «396 (бірінші бөлігінде)» деген сөздер «396 (бірінші және үшінші бөліктерінде)» деген сөздермен ауыстырылсын;

12) тармақшада:

«осы Кодекстің» деген сөздерден кейін «377, 380 (бірінші бөлігінде),» деген сөздермен толықтырылсын;

«396 (бірінші бөлігінде)» деген сөздер «396 (бірінші және үшінші бөліктерінде)» деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 550-баптың бірінші бөлігіндегі «396 (бірінші бөлігінде)» деген сөздер «396 (бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде)» деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 551 - 1 - бапта:

баптың тақырыбындағы және мәтіні бойынша «, Қазақстан Республикасының азаматтарын тіркеу мен құжаттандыру» деген сөздер алып тасталсын;

бірінші бөліктегі «380, 357-2 (бірінші бөлігінде)» деген сөздер «357-2 (бірінші бөлігінде)-бабында» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің 2) тармақшасы алып тасталсын;

10) 636-баптың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында:  
екінші абзацта:

«374-1,» деген цифрлардан кейін «380 (екінші бөлігі), 380-2,» деген сөздермен толықтырылсын;

«394 (екінші бөлігі)» деген сөздер «394 (екінші, үшінші және төртінші бөліктері)» деген сөздермен ауыстырылсын;

«396 (екінші бөлігі)» деген сөздер «396 (төртінші бөлігі)» деген сөздермен ауыстырылсын;

елу үшінші абзацтағы «356, 396 (екінші бөлігі) баптар» деген сөздер «356-баптар» деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 730-баптың 2) тармақшасындағы «394 (екінші бөлігі), 396 (екінші бөлігі) баптарында» деген сөздер «380 (екінші бөлігі), 380-2 (екінші бөлігі), 394 (төртінші бөлігі), 396 (төртінші бөлігі)-баптарында» деген сөздермен ауыстырылсын.

3. 2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 9, 65-құжат; № 19, 147-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 178-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 9-10, 50-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 122, 134-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 48-құжат; № 24, 146, 148-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар):

1) 15-баптың 5) тармақшасы алып тасталсын;

2) 18-баптың 1) тармақшасы алып тасталсын;

3) 26-баптың 1-тармағында:

4) тармақшадағы «жергілікті атқарушы органның рұқсатын алғанға дейін немесе Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулерді немесе алып тастауларды сақтамай, Қазақстан Республикасы аумағында уақытша тұратын шетелдіктермен және азаматтығы жоқ адамдармен жасасуға жол берілмейді» деген сөздер «не шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға жергілікті атқарушы органның рұқсатын алғанға дейін немесе Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулерді немесе алып тастауларды сақтамай, Қазақстан Республикасы аумағында уақытша тұратын шетелдіктермен және азаматтығы жоқ адамдармен» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5) және 6) тармақшалармен толықтырылсын:

«5) білім беру ұйымынан оқу нысаны көрсетілген немесе қабылдайтын ұйымнан кәсіптік даярлаудан және (немесе) тағылымдамадан өтуі туралы анықтамаларды және білім алу мақсатында болуға арналған рұқсатты ұсынбаған, Қазақстан Республикасының аумағында уақытша болатын шетелдік студенттермен және тағылымдамадан өтушілермен;

6) отбасына қосылу мақсатында Қазақстан Республикасына келуге және онда болуға арналған рұқсатты және Қазақстан Республикасының заңнамасымен танылатын,

Қазақстан Республикасының азаматымен некеде тұрғанын растайтын құжатты ұсынбаған, Қазақстан Республикасының аумағында уақытша болатын шетелдіктермен және азаматтығы жоқ адамдармен жасасуға жол берілмейді.»;

4) 28-баптың 1-тармағының 1) тармақшасында: екінші абзацтағы «мекен-жайы» деген сөздер «мекенжайы және тұратын жері бойынша тіркелгені туралы мәліметтер» деген сөздермен ауыстырылсын; төртінші абзац «(егер жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса),» деген сөздерден кейін «оның тұрақты тұратын жерінің мекенжайы және тұратын жері бойынша тіркелгені туралы мәліметтер,» деген сөздермен толықтырылсын;

5) 31-баптың 1-тармағында: 1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын: «1) жеке куәлігі немесе паспорты (он алты жасқа толмаған адамдар үшін туу туралы куәлігі) қажет.

Оралмандар халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органның аумақтық органдары берген оралман куәлігін ұсынады.»;

7) тармақшадағы «көшірмелері қажет.» деген сөздер «көшірмелері;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

«8) тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі қажет.»;

6) 147-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын: «3. Жұмыс беруші жергілікті тұрғындар болып табылмайтын адамдарды жұмысқа қабылдағаны туралы және (немесе) ол адамдармен еңбек қатынастарын тоқтатқаны туралы ақпаратты халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органға бір ай ішінде береді. Ақпаратты беру тәртібі мен нысанын халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.».

4. 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 22-I, № 22-II, 112-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 29-құжаттар; № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; № 22, 130, 132-құжаттар; № 24, 145, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат):

1) 541-баптың 24) тармақшасындағы «талап қойған кезде мемлекеттік баж төлеуден босатылады.» деген сөздер «талап қойған кезде;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 25) тармақшамен толықтырылсын:

«25) халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган – шетелдіктерді және азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының шегінен шығарып жіберуге байланысты мәселелер бойынша өтініш берген кезде мемлекеттік баж төлеуден босатылады.»;

2) 553-баптың 5) тармақшасы мынадай мазмұндағы тоғызыншы абзацпен толықтырылсын:

«Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдарға Қазақстан Республикасы азаматтарының және заңды тұлғаларының, сондай-ақ шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың визалар беру туралы өтініштерін пысықтағаны және Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелеріне визалар беру (визалық қолдау) туралы нұсқау жібергені үшін;».

5. «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» 1991 жылғы 20 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991 ж., № 52, 636-құжат; 1995 ж., № 19, 117-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 10, 101-құжат; 2004 ж., № 19, 115-құжат; № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 10, 69-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат):

1) мынадай мазмұндағы 11-1-баппен толықтырылсын:

«11-1-бап. Ата-анасы шет мемлекеттің азаматы болып табылатын баланың азаматтығы

Бала туған кезде ата-анасының екеуі де шет мемлекеттің азаматы болса, ол туған жеріне қарамастан Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайды.»;

2) 14-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«14-бап. Шетелдіктердің және (немесе) азаматтығы жоқ адамдардың баласының Қазақстан Республикасы азаматтығын алуы

Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын жері бар, азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының аумағында туған баласы Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады.

Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын жері бар, азаматтығы әртүрлі шетелдіктердің Қазақстан Республикасының аумағында туған баласының азаматтығы ата-анасының жазбаша нысанда білдірген, нотариат куәландырған келісімі бойынша айқындалады.»;

3) 16-баптың бірінші бөлігі 1) тармақшасының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдаған кезде кәмелетке толмағандардан, әрекетке қабілетсіз және Қазақстан Республикасы алдында ерекше еңбек сіңірген адамдардан не Қазақстан Республикасының Президенті белгілейтін тізбе бойынша кәсіптерге ие және талаптарға сай келетін адамдардан және олардың отбасы мүшелерінен осы тармақшаның бірінші абзацында көзделген шарттардың болуы талап етілмейді;»;

4) мынадай мазмұндағы 16-1-баппен толықтырылсын:

«16-1-бап. Жеңілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен) Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау шарттары

Жеңілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен) Қазақстан Республикасының азаматтығына тұратын мерзіміне қарамастан Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын:

1) тарихи отанында тұрақты тұру мақсатында Қазақстан Республикасына келген ұлты қазақ адамдар;

2) өз еркінен тыс азаматтығынан айырылған немесе азаматтығын жоғалтқан жаппай саяси қуғын-сүргіннің ақталған құрбандары, сондай-ақ олардың ұрпақтары қабылдануы мүмкін.

Жеңілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен) азаматтық алу туралы материалдарды қарау мерзімі өтініш берілген күннен бастап үш айдан аспауға тиіс.»;

5) 17 және 18-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«17-бап. Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдаудан және Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіруден бас тарту негіздері

Егер Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау және Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру туралы өтініш білдірген адам:

1) адамзатқа қарсы халықаралық құқықта көзделген қылмыс жасаса, Қазақстан Республикасының егемендігі мен тәуелсіздігіне әдейі қарсы шықса;

2) Қазақстан Республикасы аумағының бірлігі мен тұтастығын бұзуға шақырса;

3) мемлекет қауіпсіздігіне, халықтың денсаулығына нұқсан келтіретін құқыққа қарсы әрекетті жүзеге асырса;

4) ұлтаралық және діни араздықты қоздыратын болса, Қазақстан Республикасы мемлекеттік тілінің қолданылуына қарсы әрекет жасаса;

5) террористік және экстремистік ұйымдарға кірген немесе террористік әрекеті үшін сотталған болса;

6) халықаралық іздеуде болса, соттың күшіне енген үкімі бойынша жазасын өтеп жүрсе не сот оның әрекетін ерекше қауіпті бауқеспелік деп таныса;

7) басқа мемлекеттің азаматы болса;

8) Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы өтініш білдірген кезде өзі туралы жалған мәліметтер хабарласа немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде қажетті құжаттарды дәлелсіз себептермен тапсырмаса;

9) Қазақстан Республикасының аумағында немесе оның шегінен тыс жерлерде қасақана қылмыс жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен солай деп танылған, соттылығы алынбаған немесе өтелмеген болса;

10) Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы өтініш білдіргенге дейінгі бес жыл ішінде халықтың көші-қоны саласында Қазақстан Республикасының экономикасы және (немесе) заңнамасы саласында құқық бұзушылық жасаса;

11) Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы өтініш білдіргенге



дейінгі бес жыл ішінде осы Заңның 21-бабы 1), 2) және 5) тармақшалары негізінде Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылса, оның өтініші қабылданбайды.

Осы баптың бірінші бөлігі 7) тармақшасының ережелері Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар қолданылатын, сондай-ақ осы Заңның 16-бабы бірінші бөлігі 1) тармақшасының екінші бөлігінде аталған және ішкі істер органдарына шетелдік азаматтықтан бас тарту туралы нотариат куәландырған жазбаша өтінішпен өздері азаматы болып табылатын мемлекеттің азаматтық мәселелері жөнінде шешім қабылдайтын лауазымды адамына өтініш білдірген адамдарға қолданылмайды. Өтініш білдірген адамдар Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылданған жағдайда мұндай өтініш білдіру фактісі туралы ақпарат, олардың шетелдік паспорттары шет мемлекетке жіберіледі.

18-бап. Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру

Бұрын Қазақстан Республикасының азаматы болған адамның өтініші бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес оның Қазақстан Республикасының азаматтығы қалпына келтірілуі мүмкін.»;

б) 2-тарау мынадай мазмұндағы 18-1-баппен толықтырылсын:

«18-1-бап. Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру шарттары

Бұрын Қазақстан Республикасының азаматтығынан айрылғандығы тіркелген адамдарды қоспағанда, бұрын Қазақстан Республикасының азаматы болған, тұру мерзіміне қарамастан Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын және шет мемлекеттің азаматы болмаған адамдар жеңілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен ) Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіре алады.»;

7 ) 2 1 - б а п т а :

4) тармақша алып тасталсын;

5) тармақшадағы «болса, айырылады.» деген сөздер «болса;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы б) тармақшамен толықтырылсын:

«б) егер адамның Қазақстан Республикасының азаматтығын алуына негіз болған Қазақстан Республикасының азаматымен некесін сот жарамсыз деп таныса, айырылады.»

;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын және шет мемлекеттің азаматтығын қабылдаған адам үш жұмыс күні ішінде шетел азаматтығын алу фактісі туралы хабарлауға және паспортын және (немесе) жеке куәлігін Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына немесе Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шет елдердегі мекемелеріне тапсыруға міндетті.»;

8) 26-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«26-бап. Қорғаншылық белгіленген баланың Қазақстан Республикасының азаматтығын сақтауы

Қазақстан Республикасының аумағында тұратын он төрт жасқа толмаған бала қорғаншысының өтініші бойынша мынадай жағдайларда:

1) егер оның ата-анасының екеуі де немесе жалғыз ата-анасы Қазақстан Республикасының азаматтығынан шықса және бұл орайда ата-ана болу құқықтарынан айрылса;

2) басқа мемлекеттердің азаматтары болып табылатын ата-анасының екеуі де қайтыс болса немесе із-түзсіз жоғалса, ата-анасы азаматы болған мемлекеттегі ағайын-туыстары асырап алудан бас тартса не бала олардың асырап алуын қаламаса Қазақстан Республикасының азаматтығын сақтап қалады;

3) ата-анасының біреуі қайтыс болса немесе із-түзсіз жоғалса, баланың азаматтығы екінші ата-анасының қалауымен анықталады.»;

9) 28-баптағы «асырап алған» деген сөздер «оны асырап алған немесе оған қамқоршылық белгіленген» деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 30-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«30-бап. Ішкі істер органдарының өкілеттігі

І ш к і і с т е р о р г а н д а р ы :

1) Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын адамдардан Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелері жөніндегі өтініштер қабылдайды және оларды қажетті құжаттармен бірге Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына жібереді;

2) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделгендей, Қазақстан Республикасының азаматтығын алуды және Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуды тіркеуді жүзеге асырады;

3) Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтығынан айрылуын тіркейді;

4) жеңілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен) Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдауды ресімдейді;

5) Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының азаматы болуын (болмауын) айқындайды.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі жеңілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен) Қазақстан Республикасының азаматтығын алу тәртібін бекітеді.»;

11) 31-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

«Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының азаматы болуын айқындайды.»;

12) 32-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Жеңілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен) азаматтық алуды тіркеу мәселелері жөніндегі өтініштер ішкі істер органдарына беріледі.»;

13) 37-баптың бірінші бөлігінің бесінші абзацындағы «тіркелген күннен бастап ие болады.» деген сөздер «тіркелген күні;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:  
«жеңілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен) Қазақстан Республикасының азаматтығын алу тіркелген күні ие болады.».

6. «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» 1995 жылғы 19 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 9-10, 68-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 12, 184-құжат; 2001 ж., № 8, 50, 54-құжаттар; № 21-22, 285-құжат; 2006 ж., № 5-6, 31-құжат; 2007 ж., № 3, 23-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 17, 82-құжат; № 24, 122-құжат):

1 ) 2 2 - б а п т а :

бірінші бөліктегі «белгіленбесе,» деген сөздер «белгіленбесе немесе Қазақстан Республикасының Үкіметі өзгеше тәртіп белгілемесе,» деген сөздермен ауыстырылсын;  
екінші бөліктің а) тармақшасындағы «мемлекеттік» деген сөз «ұлттық» деген сөзбен ауыстырылсын;

ж е т і н ш і б ө л і к т е :

«және» деген сөз «немесе» деген сөзбен ауыстырылсын;  
«уәкілетті» деген сөз «бұған уәкілеттік берілген мемлекеттік» деген сөздермен ауыстырылсын;

2 ) 2 8 - б а п т а :

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Шығарып жіберу туралы шешімді Қазақстан Республикасының бұған уәкілеттік берілген мемлекеттік органдары немесе сот қабылдайды. Шетелдік осы шешімде көрсетілген мерзімде Қазақстан Республикасынан кетуге міндетті. Мұндай жағдайда Қазақстан Республикасынан шығарып жіберу туралы сот шешімінің орындалуы Қазақстан Республикасынан шығарып жіберілетін адамға бақылау жасалына отырып, өз бетімен кетуі арқылы жүргізіледі. Егер өзіне қатысты шығарып жіберу туралы шешім қабылданған адам шешімде көрсетілген мерзімде Қазақстан Республикасының аумағынан кетпесе, ол прокурордың санкциясы бойынша ұсталуға және мәжбүрлеу тәртібімен шығарып жіберілуге тиіс. Бұл орайда, шығарып жіберу үшін қажет болатын мерзімге ұстауға жол беріледі. Ол Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен ішкі істер органдарының арнаулы мекемелерінде орналастырылады.»;  
мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Мәжбүрлеу тәртібімен шығарып жіберу туралы сот шешімін орындауды жүзеге асыратын халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде шетелдікті

немесе азаматтығы жоқ адамды аумағына аталған адам шығарып жіберілетін шет мемлекет билігінің өкіліне шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды ресми түрде беру үшін Қазақстан Республикасының шекара қызметі органдарына береді.»

7. «Прокуратура туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 24, 156-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 12, 184-құжат; 1998 ж., № 15, 208-құжат; 1999 ж., № 8, 247-құжат; № 21, 774-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 6, 142-құжат; 2001 ж., № 20, 257-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 15-16, 63-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 121-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 24, 151-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат):

21-баптың 1-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:  
«5) шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ адамдарды шығарып жіберу үшін ұстауға»;

8. «Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 8, 84-құжат; 1999 ж., № 13, 431-құжат; № 23, 921-құжат; 2001 ж., № 15-16, 228-құжат; 2002 ж., № 6, 71-құжат; 2003 ж., № 11, 67-құжат; 2004 ж., № 14, 82-құжат; № 17, 101-құжат; № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 16, 103-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 15, 106, 108-құжаттар; № 18, 143-құжат; 2009 ж., № 11-12, 54-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 122-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 52-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат):

2-баптың 23) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:  
«23) оралман – тарихи отанында тұрақты тұру мақсатында Қазақстан Республикасына келген және «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен тиісті мәртебе алған, Қазақстан Республикасы егемендік алған кезде одан тыс жерде тұрақты тұрған этникалық қазақ және оның Қазақстан Республикасы егемендік алғаннан кейін одан тыс жерде туған және тұрақты тұрған ұлты қазақ балалары;».

9. «Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы» 2000 жылғы 7 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 21, 382-құжат; 2003 ж., № 15, 139-құжат; 2005 ж., № 7-8, 22-құжат; 2007 ж., № 14, 102-құжат; 2011 ж., № 4, 37-құжат):

8 - б а п т ы ң                      6 - т а р м а ғ ы н д а :

бірінші бөліктің 5) тармақшасындағы «қызметкерлеріне берілуі мүмкін.» деген сөздер «қызметкерлеріне;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 6) және 7) тармақшалармен толықтырылсын:

«6) оралмандардың көшіп келу квотасына енгізілген оралмандарға;

7) ішкі көшіп-қонушылардың қоныс аудару квотасы бойынша қоныс аударушы ішкі көшіп-қонушыларға да берілуі мүмкін.»;  
екінші бөліктегі «5)» деген цифр «7)» деген цифрмен ауыстырылсын.

10. «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 3, 18-құжат; 2004 ж., № 2, 10-құжат; 2005 ж., № 7-8, 19-құжат; № 17-18, 76-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 10, 52-құжат; 2007 ж., № 2, 14, 18-құжаттар; № 3, 20-құжат; № 8, 52-құжат; № 9, 67-құжат; № 15, 106-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 1, 4-құжат; № 9-10, 50-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 8, 41-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 21-құжат):

1) 7-баптың 5-1) тармақшасындағы «квота шегінде» деген сөздерден кейін «шетелдік қызметкерлерге жұмысқа орналасуға және жұмыс берушілерге» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 10-баптың 4-тармағының екінші бөлігіндегі «жұмыс берушілер» деген сөздер алып тасталсын, «берген» деген сөз «берілген» деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 11 - б а п т а :

1 - тармақтың екінші бөлігінде:

бірінші абзацтағы «оны тартуға» деген сөздер «шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға және жұмыс берушіге шетелдік жұмыс күшін тартуға» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзацтағы «білімді шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға қолданылмайды.» деген сөздер «білімді;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы жаңа төртінші абзацпен толықтырылсын:

«индустриалдық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламаларында дамыту көзделген жоғары оқу орындарында басшылар және оқытушылар лауазымдарында жұмыс істейтін, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен расталған құжаттары бар жоғары білімді шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға қолданылмайды.»;

2-1-тармақтағы «шетелдік жұмыс күшін тартуға» деген сөздер «жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға және шетелдік қызметкерлерге жұмысқа орналасуға» деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ «тартуға» деген сөзден кейін «және шетелдік қызметкерлерге жұмысқа орналасуға» деген сөздермен толықтырылсын;

4) 21-баптың 2-тармағы «рұқсат алған» деген сөздерден кейін «немесе өздерінің қарамағында жұмысқа орналасуға рұқсаттар алған шетелдік қызметкерлер жұмыс істейтін» деген сөздермен толықтырылсын.

11. «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» 2001 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 17-18, 247-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 3, 20-

құжат; № 10, 69-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 1, 4-құжат; № 23, 117-құжат):

3-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

«5) өтініш берушінің (отбасы мүшелерінің) тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі.».

12. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 20, 151-құжат; 2008 ж., № 23, 124-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 21-құжат; № 5, 43-құжат):

8-баптың 2-тармағының екінші бөлігі «тұратын» деген сөзден кейін «, сондай-ақ Қазақстан Республикасына отбасына қосылу мақсатында келген» деген сөздермен толықтырылсын.

**2-бап.** Осы Заң, 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 9-тармағының бесінші абзацын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Президенті*

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*Н. Назарбаев*